

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ  
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»  
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”



«Тіл оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру» атты I  
Көктемгі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары  
2025 ж. 4 сәуір

«Иновационные подходы преподавания языков: слияние теории и практики»  
Материалы I Весенней Международной научно-практической онлайн конференции  
4 апреля 2025 г.

“Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”  
Proceedings of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference  
April 4, 2025

Астана, 2025 ж.

УДК 80/81  
ББК 81.2  
Б18

**Chief Editor:** Perizat Zh. Balkhimbekova – Head of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”, PhD, assistant professor

**Editorial Board:**

Dina K. Kurmanayeva – PhD, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Ainagul M. Mukhtarkanova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Madina Zh. Tussupbekova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Assem M. Kysyrova – candidate of philological sciences, assistant professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Aigul K. Sadykova – PhD, a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Saltanat K. Mukanova – a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

**I Spring International Scientific and Practical Online Conference “INNOVATIVE APPROACHES OF LANGUAGE TEACHING: BRIDGING THEORY AND PRACTICE”:** Proceedings of the online conference (Astana, April, 2025). – Astana: NJSC “The L.N. Gumilyov ENU”, 2025. – 220p.

The proceedings of the annual conference include scientific articles of participants of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”, which was held at the Foreign Languages Department on April 4, 2025 in an online format. Materials in these proceedings can be of interest to young and experienced researchers, university and school teachers, different level students who are involved in pursuing research into modern approaches to developing foreign language skills; competence-based modeling in foreign language teaching; interaction of multicultural communication, linguistics, translation with foreign language teaching; the use of information technologies in foreign language teaching.

Authors are fully responsible for the content of their scientific articles and the truthfulness of the facts indicated.

ISBN 978-601-385-060-3

## Table of Contents

### SECTION 1

#### ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕНУ

#### ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКАМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИЙ

#### TECHNOLOGY-ENHANCED LANGUAGE LEARNING

##### THE FUTURE OF HIGHER EDUCATION

*Ali Güneş*..... 8-11

##### TEACHING LITERATURE IN THE DIGITAL AGE: TOOLS FOR ENGAGING LANGUAGE LEARNERS

*Asım AYDIN*..... 11-16

##### DOES AI HAVE EMOTIONS? EXPLORING THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN DESIGNING SYLLABUS FOR SHORT STORY LITERATURE CLASSES

*Mustafa CANLI*..... 16-21

##### DECODING SOCIETAL TRENDS THROUGH SOCIAL TEXTS: A TRANSLATION-BASED FRAMEWORK FOR ENHANCING LINGUISTIC COMPETENCE AND INTERCULTURAL AWARENESS IN ELT

*ÖZDEMİR. Ö*..... 21-29

##### ПОДГОТОВКА ЛИНГВИСТОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБЛАСТИ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

*Владимирова С.В.*..... 30-34

##### ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ: ПРАКТИКООРИЕНТИРОВАННЫЙ АСПЕКТ

*Кочконбаева С. И., Сулайманжанова Н. С.*..... 34-42

##### ПРЕИМУЩЕСТВА ОНЛАЙН ОБУЧЕНИЯ, НА ПРИМЕРЕ ЛАТИНСКОГО ЯЗЫКА

*Жакаева Г. К., Иметова Ж. К.*..... 42-46

##### THE USE OF CRITICAL THINKING IN LEARNING FOREIGN LANGUAGES

*Zhandildinova A.M.*  
*Zhanayeva Zh.A.*..... 46-50

##### THE INTEGRATION OF AI TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE INSTRUCTION: A CRITICAL ANALYSIS OF PROS AND CONS

*Otyzbayeva K., Zarkesheva A.*..... 50-53

##### USING VIDEO MATERIALS IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

*Ospanova F.A.*..... 53-57

ENHANCING LANGUAGE PROFICIENCY: APPROACHES TO TEACHING PHRASEOLOGY <i>Alzhanova A. Kerimbaeva K., Kemelbekova E.....</i>	57-61
МОТИВАЦИОННЫЙ ПРОФИЛЬ УЧЕНИКА: ИССЛЕДОВАНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА УЧЕБНУЮ МОТИВАЦИЮ <i>Балтынова А.Ш., Буркитбаева А.Г., Дуйшоналиева Б. Т.....</i>	62-65
SPEAKING THROUGH READING: MEDIA DISCOURSE AS THE RESOURCE FOR VARIOUS TOPICS <i>B.G. Smagulova .....</i>	66-70
MIND MAP ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ <i>Мусабаева Г.М.....</i>	71-74
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ- МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Нұрғалиева Ұ.С., Мұқанова С.Қ., Ниязбекова А.А.....</i>	74-78
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ: ОТ АНГЛИЙСКОГО КО ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В КАЗАХСКОЯЗЫЧНЫХ ГРУППАХ <i>А.К. Аубакирова, Г.К. Тусупова, Г.Ж. Нурбекова, Г.М. Жусупова .....</i>	78-81
ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДЕРІНІҢ ПАРЕМИЯЛЫҚ СИПАТЫ <i>Қызырова Ә.М., Нұрдыбаева А.К.....</i>	81-85
<b>Section 2</b>	
<b>ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТІЛ ҮЙРЕНУ</b>	
<b>ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВ</b>	
ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND PERSONALIZED LANGUAGE LEARNING ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Бейсенбек Ж. ....</i>	85-90
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ <i>Ізбасар Н., Кеңес Д. Мухтарханова А. М.....</i>	90-92
THE INFLUENCE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON A MODERN FIRST-YEAR STUDENT <i>Загоруля О.Л., Бектұрмова А., Ласкова А.....</i>	93-97
Technology Enhanced Language Learning: The Role of Artificial Intelligence <i>Sadykova A.K., Samoilova.K.I, Serzhanuly.Y.....</i>	97-101

THE IMPACT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON STUDENT LEARNING <i>A. Serikpayeva, G. Bimuratova, Niyazbekova A.A.....</i>	101-107
FOOD WASTE IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS: THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MITIGATION <i>Khaidar A., Zhumadi K., Otyzbayeva K.Zh.....</i>	107-109
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ОБУЧЕНИИ И ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ <i>Мусабекова З.С., Имангалиева М.К.....</i>	110-115
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОГО ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ПРИМЕНЕНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА <i>Маликов Н., Аубакирова А.К.....</i>	115-117
<b>Section 3</b>	
<b>ТІЛДІК ЕМЕС ФАКУЛЬТЕТТЕРДЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ</b>	
<b>ПРЕПОДАВАНИЕ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ НА НЕЯЗЫКОВЫХ</b>	
<b>ФАКУЛЬТЕТАХ</b>	
<b>TEACHING FOREIGN LANGUAGES IN NON LINGUISTIC FACULTIES</b>	
МАТЕМАТИКА ЛОГИКАСЫ МЕН АҒЫЛШЫН ГРАММАТИКАСЫН БАЙЛАНЫСТЫРУ ТЕХНИКАСЫ <i>Сейдулла О.О, Буркитбаева А.Г.....</i>	118-121
English for Specific Purposes in the Higher Education System of Kazakhstan <i>Burkitbayeva D.K., Zhaksylykov A.Z., Ustelimova N.A.....</i>	121-128
MECHANICAL ENGINEERING AND VIRTUAL REALITY: ANALYZING AND IMPROVING THE CAR AERODYNAMICS. <i>Kumekov Nurassyl, Dyusengalieva A. A.....</i>	128-133
ENHACING SPECIALIZED ENGLISH LANGUAGE SKILLS FOR VARIOUS SECTORS OF TOURISM <i>Mukanova L.S., Tazhitova G.Z.....</i>	133-137
ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH THE INTERPRETATION OF AUTOCHTHONOUS TEXTS <i>Shakhputova Z.Kh., Aitmukhamedgali M.....</i>	138-143
THE ROLE OF CULTURALLY CONTEXTUALIZED ELT IN ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS AMONG KAZAKHSTANI LEARNERS <i>Shukirbayeva B.K., Kurmanayeva D.K.....</i>	143-150

ПРОБЛЕМЫ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ НЕЛИНГВИСТИЧЕСКИХ  
ФАКУЛЬТЕТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

*Жомай Г.К.*..... 151-154

ВЫГОРАНИЕ И КУЛЬТ ПРОДУКТИВНОСТИ СРЕДИ СТУДЕНТОВ ПЕРВОГО  
КУРСА УНИВЕРСИТЕТА

*Загоруля О.Л., Берекетова Т., Жұмажан Ж., Бақыт Ә., Ашкенова  
Д.*..... 154-158

**Section 4**

**ҮЗДІКСІЗ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ**

**НЕПРЕРЫВНОЕ И МНОГОЯЗЫЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ**

**LIFELONG AND MULTILINGUAL EDUCATION**

THE IMAGE OF WOMEN IN KAZAKH LITERATURE: PAST AND PRESENT

*Әмзе А., Баймұханбет Н., Мухтарханова А. М.*..... 158-163

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ШОЛУ

*Закарина Қ., Казимова Г., Мухтарханова А. М.*..... 163-168

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ АРҚЫЛЫ ТІЛ  
ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ

*Арғынбаева Ұ., Куралбаева А., Мухтарханова А. М.*..... 168-170

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ

*Қонысбек Ж., Рахымбек Е., Мухтарханова А.М.*..... 171-174

АБАЙ МЕН ШЕКСПИР: ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК

*Мұхтар А.Т., Мухтарханова А.М.*..... 175-178

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИДИОМАЛАР

*Пернебай Е., Мухтарханова А. М.*..... 178-182

АМЕРИКАНДЫҚ ЖӘНЕ БРИТАНДЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІң АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ <i>Серикбол Ж., Мұратбек А., Мухтарханова А.М.</i> .....	182-186
--	---------

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІң АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ: «ЕР ТӨСТІК» ПЕН «ДЖЕК ЖӘНЕ БҰРШАҚ САБАҒЫ» <i>Шаукен Ә., Капбасова А., Мухтарханова А. М.</i> .....	186-190
--	---------

## **Section 5**

### **ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ**

#### **ОНЛАЙН И ГИБРИДНОЕ ЯЗЫКОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

##### **ONLINE AND HYBRID LANGUAGE EDUCATION**

THE BENEFITS OF USAGE HYBRID EDUCATION FOR FOREIGN LANGUAGE <i>Alatay. N.Sh., Nurgaliyeva U. S.</i> .....	190-195
---	---------

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ <i>Шора А. Қ., Балхимбекова П.Ж.</i> .....	195-199
---	---------

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН SLANG СӨЗДЕРДІң ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ӘСЕРІ <i>Жолтан М., Қатарбай А., Тусупбекова М.Ж.</i> .....	199-206
---	---------

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІң ЖАСАЛУЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ <i>Қуанышбек А.Б., Нұрдыбаева А.Қ.</i> .....	206-212
--	---------

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ <i>Ахмет Қ., Балхимбекова П.Ж.</i> .....	212-215
---	---------

<i>GAMIFICATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING: THE EFFECTIVENESS OF MOBILE APPLICATIONS IN INCREASING STUDENT MOTIVATION</i> <i>Zhamikhanova D.K., Mukushev D.G.</i> .....	216-220
--	---------

## АБАЙ МЕН ШЕКСПИР: ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК

*Мұхтар А.Т.*

Жетекші: *Мухтарханова А.М.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана,  
Қазақстан

**Түйіндеме.** Бұл мақалада Абай Құнанбайұлы мен Уильям Шекспир шығармашылығындағы махаббат, уақыт мәселелеріне шолу жасалады. Абай махаббатты адам өмірінің мәні, адамгершілік шыңы ретінде қарастырса, Шекспир оны тағдырдың сыны, қуаныш пен қайғының үйлесімі ретінде бейнелейді. Екі ойшыл да уақыттың қадірін білуді, оны мағыналы істерге жұмсауды насихаттайды. Абай мен Шекспирдің шығармалары – ғасырлар өтсе де өзектілігін жоғалтпайтын, адамзатқа ортақ рухани мұра.

**Түйін сөздер:** Абай Құнанбайұлы, Уильям Шекспир, философиялық үндестік, махаббат, уақыт, өмір мен өлім, поэзия.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются темы любви и времени в творчестве Абая Кунанбайулы и Уильяма Шекспира. Их произведения раскрывают глубину философских размышлений о любви, времени, жизни и смерти. Абай рассматривает любовь как смысл жизни и вершину человечности, тогда как Шекспир изображает её как испытание судьбы, сочетание радости и страдания. Оба мыслителя подчёркивают важность бережного отношения ко времени и призывают использовать его осмысленно. Творческое наследие Абая и Шекспира остаётся актуальным и по сей день, являясь бесценным духовным достоянием человечества.

**Ключевые слова:** Абай Кунанбайулы, Уильям Шекспир, философская гармония, любовь, время, жизнь и смерть, поэзия.

**Abstract.** This article provides an overview of the themes of love and times in the works of Abai Kunanbayuly and William Shakespeare. Their writings deeply reflect on themes of love, time, life, and death. Abai perceives love as the essence of life and the pinnacle of humanity, whereas Shakespeare portrays it as a test of fate, blending joy and sorrow. Both thinkers emphasize the value of time and advocate for its meaningful use. The literary heritage of Abai and Shakespeare remains relevant through the ages, serving as an invaluable spiritual treasure for humanity.

**Key words:** Abai Kunanbaiuly, William Shakespeare, philosophical resonance, love, time, life and death, poetry.

Әр ғылым саласында қайталанбас тұлғалар көп. Олар өз еңбектерімен немесе шығармаларымен адамзат дамуына өшпес із қалдырады. Әрбір ұлы тұлға өз дәуіріндегі өзекті мәселелерді көтеріп, олардың түйінін шешіп, дамудың негізін қалайды.

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің классигі, ұлы тұлға, ойшыл, композитор, ақын. Оның шығармалары қазақ қоғамының айнасы іспетті. Абай терең ойларымен халықты ілгері ұмтылдырып, қоғам дертіне ем іздеген кемеңгер. Оның шығармашылығы адамгершілік, толық адам бейнесі, білімнің маңызы, өмірге, ұлттың жарқын болашағына арналған. Ұлт Пірінің қара сөздері - бұлақтай таза, шынайы әрі терең философиялық ойларға толы.

Уильям Шекспир – әлемдік әдебиеттің ұлы тұлғасы, драматург, ақын, классик. Оның шығармалары өзектілігін әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ. Өмір мен өлім, махаббат пен

тағдыр тақырыптары қазіргі заман үшін де маңызды. Шекспирдің монологтары, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесі, адам болмысының түрлі қырларын ашатын персонаждары мен күрделі өмір оқиғалары трагедияларды ерекшелейді. Екі ойшыл шығармашылығында бір тұстан шыққан ойлар жиынтығы байқалады. Бірі – қазаққа, екіншісі – ағылшынға ортақ мәселелерді көтергенімен, олардың идеялары жалпы адамзатқа ортақ. Абай Құнанбайұлы адам болмысының күрделілігін өзінің жетінші қара сөзінде:

*"Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады"*

*деп, адамның өмір жолын терең сипаттайды.*

Шекспирдің монологтарында адамның ішкі жан дүниесі мен психологиясы шебер бейнеленген. Оның санаулы кейіпкерлері үлкен бір халықтың көрінісі іспетті. Шекспир шығармаларында махаббат – бір жағынан нәзік, кіршіксіз сезім болса, екінші жағынан тікені көп, қайғыға толы, қауіпті күш ретінде бейнеленеді.

Бұл мақалада Абай мен Шекспир шығармаларындағы өмір мен өлім философиясы, уақыт пен махаббат мәселелері, сондай-ақ олардың қоғам үшін өзектілігі терең қарастырылады. Махаббат – жүректі тербетіп, жанды жайнататын ұлы сезім. Ол кейде көктемгі самалдай жанды сергітсе, кейде дауылдай жүректі толқытады. Әрбір тіршілік иесінің өзіне лайық жары бар, онсыз дүние бос. Абай Құнанбайұлы мен Уильям Шекспир шығармашылығындағы махаббат тақырыбы философиялық тұрғыдан үндес. Абай поэзиясындағы махаббат – екі жүректің үнсіз сырласуы, сөзсіз бір-бірін ұғуы сезімнің ең биік шыңындай. Тән сұлулығынан жанның ақтығы сезім адалдығы басым екендігі анық көрсетіледі. Сонымен қатар, ғашықтық сезімнің қуанышты сәттерімен бірге оның ауыр жүк екендігі де қозғалады.

Абайдың “Махаббатсыз – дүние бос” шығармасындағы алғашқы шумақтағы:

*"Ішем деп бейнет сусынын,  
Асау жүрек алқынар" [2]* деген тармақтардан махаббат дертіне шалдыққан адамның тек тәтті сезімге бөленіп қана қоймай, махаббат шырмауына түсіп, алай-дүлей сезімге душар болатынын көреміз. Махаббатсыз өткен ғұмырдың дәм-тұзы жоқ екендігі:

*"Махаббатсыз – дүние бос,  
Хайуанға оны қосыңдар"* деген тармақта айқын көрінеді. Абай бұл ойында махаббатсыз тіршілік тек хайуанға тән екенін меңзеп, егер адам махаббатсыз өмір сүрсе, тек ішіп-жеу үшін ғана тіршілік ететінін, ал өмірдің мәні сұр түске боялатынын баяндайды. Ол адамның хайуаннан ерекшелігі – оның сезімдерінде екенін және махаббаттың адамдық болмыстың биік көрсеткіші екенін атап көрсетеді. Махаббаттың формуласы тек сүйініштен ғана тұрмай, күйінішпен қатар жүретіні философиялық тұрғыда түсіндіріледі. Шекспир шығармашылығында махаббат – тұңғығы белгісіз теңіз секілді ғажайып сезім ретінде бейнеленіп, жүректі тербетіп, жанды жылататын күш ретінде көркем суреттеледі. Оның шығармаларында махаббат бәйгесіне түскен адамның өмірі қуаныш пен қасіретке толы болып көрсетіледі.

Шекспир трагедияларындағы махаббаттың сипаты ерекше. Оның *Ромео мен Джульетта* трагедиясында алғашқы алаулаған жас сезімнің күдіреті мен ғашықтықтың күйініші көрініс табады. Ромеоның ыстық сезімі таудан биік болса да, әлеуметтік жағдай олардың махаббат мұнарасының күйреуіне әкелді.

Ромеоның жас жалындаған жүрегіне қарамастан өмір шындығы оларды қоштастырды. Ромеоның монологынан *"Екеуі де ессіздік пен соқырлық, Бос азаппен құр ермек"* деген жолдарынан ғашық адамның жан уайымы мен ішкі күйзелісі көрінеді. Сондай-ақ, Ромеоның:

*"Мен өзімді әлдеқашан жоғалтқам,  
Ромеоны өзгелер түгілі,*

*Өзі дағы енді таба алмас" [3]* деген сөздері сезімнің алапат күшін, жас жігіттің сезім шырмауына түскендігін байқатады. Соннеттерде махаббат тақырыбы кеңінен қамтылған. Оның 49-шы сонетінде махаббаттың үлкен жауапкершілік екендігі баяндалады [4]. Ол

махаббаттың тек сүйіспеншілікке ғана емес, өзара құрметке де негізделгенін айтады. Бұл ой Абай шығармашылығында да бой көтереді.

Абай мен Шекспир шығармашылығында махаббат жай ғана сезім емес, адамды танымастай өзгертетін, тұтас ғұмырдың мәніне айналатын күдірет. Абай үшін махаббатсыз дүние бос, ал махаббат – адамгершіліктің биік шыңы. Шекспир де махаббатсыз өмірді қараңғы түнекке балайды және махаббатты тағдырдың ең ауыр сынағы ретінде суреттейді. Екеуі де махаббатты ұлы сезім деп дәріштеп, оның тек сүйініштен ғана емес, күйініштен де тұратынын, мәңгілік күшке ие екенін айтады. Ғасырлар өтсе де, Абай мен Шекспир түсінігіндегі махаббат ешқашан жоқ болып кете алмайды, Шын ғашықтардың сезімі уақытқа бағынбайтын, мәңгілік жыр.

Уақыт – адамға берілген ең қымбат қазына. Адам қанша ғұмыр кешетінін өзі таңдай алмайды, ол тағдырмен шешілген, бірақ сол уақытты қалай өткізу – әркімнің өз қолында. Абай мен Шекспир уақыттың адам өміріндегі алтыннан да бағалы құндылық екенін терең түсінген ойшылдар. Олардың шығармашылығында өмірдің белгілі бір кезеңде тоқтайтыны заңдылық ретінде көрсетіледі, ал уақыт – жай ғана өлшеуіш құрал емес, күдіретті күш ретінде бейнеленеді. Абай: *"Үш-ақ түрлі өмір бар, бәрі де мас"* деп, адамның ғұмыры үш кезеңнен тұратынын сипаттайды. Ол жастық шақтың маңызын ерекше атап өтіп, бұл кезеңді босқа өткізбей, ғылым-білім іздеп, "толық адам" болуға шақырады:

*"Өмірдің басы – бала, ортасы – адам, Қартайып, шал болған соң кетті шамаң"* деп, өмірдің осы үш кезеңнен тұратынын және жастық шақта жинаған білімнің мен еңбегің қарттықта өз жемісін беретінін айтады.

Уақыттың ешкімді күтпейтіндігін, әр адамның кезекте тұрғандығын, өмірді барынша мән-мағыналы пайдалы сүру керектігін және оның бәрі уақытқа тікелей байланысты заңдылықты Абай осы өлеңімен жеткізген.

Шекспир сонеттерінде уақыт – қатыгез, ешкімді күтпейтін зұлым күш ретінде көрініс табады. Оның *Гамлетінде*:

*"Кешіктіру – тағдырға қарсы шығу"*

деген ой айтылады. Гамлет өз уақытын күмән мен ой шырғауына салып, күдіктерге беріліп, нәтижесінде өз өмірінің ең құнды сәттерін зая кетіреді. Соңында ештеңеге үлгермей, өз тағдырын өзі құрдымға жібереді. Шекспирдің:

*"Кеше – тым ерте еді, Ертең – тым кеш болады"* деген сөзі уақытты дұрыс пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді. Уақыттың ағымына ешкімнің қарсы тұра алмайтындығын. Патша болсаңда, өмірдің заңдылығына қарсы шыға алмайсың, ойың болса жәй ғана әурешілік.

Абай мен Шекспир өз шығармаларында өмірдің иненің жасуындай қысқа екенін және уақыттың тоқтаусыз ағатынын философиялық тұрғыдан түсіндіреді. Екі ғұлама да уақытты босқа өткізбегуге, оны мағыналы істерге жұмсауға шақырады. Уақытты дұрыс пайдалану – басты сабақ.

Абай мен Шекспир шығармаларындағы философиялық ойлар тек өз өмір сүрген кезеңіне емес, мың ғасыр бойына жоғалмайтын мұра. Абай тек қазақ халқына емес, барша адамзатқа бағытталған теңдессіз тәрбие, тәртіпті жазып өсиет еткен. Оның трагедияларындағы күрделі сюжеттер, кейіпкерлерінің сан қырлы мінездері адам болмысының айнасы іспетті. Екі ғұлама да ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Олардың шығармашылығында уақыт пен махаббат философиясы үндестік табады. Абай мен Шекспирдің туындылары – өткеннің көлеңкесі ғана емес, бүгінгі күннің де айнасы, өмірдің мәнін түсінудегі асыл мұра.

## Әдебиеттер тізімі

1. <https://zhasalash.kz/news/abaj-mahabbatsyz-dunie-bos-degen-22806/>

2. Құнанбайұлы А. Жүректің көзі ашылса ... : жинақ / А. Құнанбайұлы. - Алматы: Абай баспасы, 2023. - 439б.

3. Шекспир Уильям. Отелло. Асауға тұсау. Гамлет. Ромео мен Джульетта. Король Лир. Сонеттер/Шекспир Уильям; аударғандар М. Әуезов, Ә. Кекілбаев, Х. Ерғалиев. - Астана : Аударма, 2004. - 687 б.

4. <https://bilim-all.kz/olen/6318-Sonetter>

\*\*\*\*\*

ӘОК 81. 373.72

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИДИОМАЛАР

Пернебай Еркеназ

Жетекші: Мухтарханова Айнагуль Мадиевна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,

Астана қаласы, Қазақстан

**Түйіндеме:** Мақалада идиомалардың тіл байлығындағы орны мен маңызы қарастырылды. Идиомалар – сөзбе-сөз аударуға келмейтін, тұрақты мағынасы бар бейнелі тіркестер. Олар кез келген халықтың мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын көрсететін маңызды тілдік құбылыс. Сонымен қатар, ағылшын және қазақ тілдеріндегі бірнеше идиома салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданды. Бұл зерттеу идиомалардың кез келген тілдегі маңызын айқындап, оларды меңгерудің қажеттілігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** тіл, тіл байлығы, рухани қазына, идиома, фразеологиялық түйдек, фразеологизм

**Аннотация:** В статье рассматривается роль и значение идиом в языковом богатстве. Идиомы - это устойчивые выражения с переносным значением, которые невозможно перевести дословно. Они являются важным языковым явлением, отражающим культуру, быт и мировоззрение любого народа. Также проводится сравнительный анализ нескольких идиом в казахском и английском языках, выявляются их сходства и различия. Данное исследование подчеркивает важность идиом в любом языке и необходимость их изучения.

**Ключевые слова:** язык, языковое богатство, духовное сокровище, идиома, фразеологическое единство, фразеологизм.

**Abstract:** The article examines the role and significance of idioms in linguistic richness. Idioms are stable expressions with figurative meanings that cannot be translated literally. They are an important linguistic phenomenon that reflects the culture, lifestyle, and worldview of any nation. Additionally, a comparative analysis of several idioms in Kazakh and English is conducted, highlighting their similarities and differences. This study emphasizes the importance of idioms in any language and the necessity of learning them.

**Keywords:** language, linguistic richness, spiritual treasure, idiom, phraseological unit, phraseologism.

Тіл– адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың, оймен бөлісудің, ақпарат алмасудың негізгі құралы. Ол-әр халықтың болмысын, дүниетанымын, тарихын, тек сол ұлтқа тән ерекшелігін айқындайтын айна іспеттес. Әр ұлттың тек өзіне тән, «меншікті» деп санайтын тілі бар, ол – ана тілі. Ана тілі – ұлттың рухани қазынасы, оның өткенін, бүгінін және болашағын байланыстыратын алтын көпір. Оның құрамы өте бай, құрамына кіретін сөздер халықтың тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, дүниетанымын айқындайды. Ана тілінің байлығы оның сөздік қорымен ғана шектелмейді, сонымен қатар тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, нақыл сөздер, әсіресе, идиомалар арқылы көрінеді. Идиома — жеке